

Атырау облысындағы 2004-2006 жылдарға арналған аймақтық "Мәдени мұра" бағдарламасы туралы

Атырау облыстық Мәслихатының 2004 жылғы 26 мамырдағы N 131-III шешімі және Атырау облыстық әкімиятының 27 сәуірдегі N 98-а қаулысы. Атырау облысының әділет департаментінде 2004 жылғы 7 шілдеде N 2046 тіркелді. Мемлекеттік тіркелуге жатпайды - ҚР Атырау облысы әділет департаментінің 2006 жылғы 18 қазан N 3-3333/06 хаты негізінде

Ескерту: ҚР Атырау облысы әділет департаментінің 2006 жылғы 18 қазан N 3-3333/06 хаты негізінде мемлекеттік тіркелуге жатпайды. №

Қазақстан Республикасы Президентінің»2004 жылғы 13 қаңтардағы N 1277 "2004-2006 жылдарға арналған "Мәдени мұра" мемлекеттік бағдарламасы туралы" Жарлығын іске асыру мақсатында III шақырылған Атырау облыстық мәслихаты VI сессиясында
ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Облыс әкімиятының 2004 жылғы 27 сәуірдегі N 98-а "Атырау облысындағы 2004-2006 жылдарға арналған аймақтық "Мәдени мұра" бағдарламасы туралы" қаулысымен сессияға енгізілген "Атырау облысындағы 2004-2006 жылдарға арналған аймақтық "Мәдени мұра" бағдарламасы" бекітілсін (жалғанды).

2. Осы шешімнің» орындалуын бақылау облыстық мәслихатты» әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет және жастар ісі жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

О б л ы с т ы қ м ә с л и х а т т ы ң »

VI сессиясының»төрағасы М.Т. Шырдабаев

О б л ы с т ы қ м ә с л и х а т т ы ң

Хатшысы Б. Рысқалиев

Атырау қаласы, 2004 жылғы 26 мамыр

Атырау облысындағы 2004-2006 жылдарға
арналған аймақтық "Мәдени мұра"
бағдарламасы туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің»2004 жылғы 13 қаңтардағы N 1277 "2004-2006 жылдарға арналған "Мәдени мұра" мемлекеттік бағдарламасы туралы" Жарлығын іске асыру мақсатында облыс әкімияты **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берілген "Атырау облысында 2004-2006 жылдарға арналған "Мәдени мұра" аймақтық бағдарлама (бұдан әрі - Бағдарлама) мақұлданып, облыстық мәслихатты» кезекті сессиясына бекітуге ұсынылсын.

2. Облыстық қаржы басқармасы жыл сайын осы Бағдарламаны іске асыруға қажетті

қ а р а ж а т т ы

қ а р а с т ы р с ы н .

3. Атырау қаласы мен аудан әкімдері, барлық мүдделі атқарушы органдардың»
б а с ш ы л а р ы :

1) Бағдарламада қарастырылған іс-шараларды»тиісінше және уақытылы
о р ы н д а л у ы н қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

2) Бағдарламаны» жүзеге асыру барысы туралы ақпаратты облыс әкімінің»
аппаратына жыл сайын 20 маусым мен 20 желтоқсанда беріп тұрсын.

4. Осы қаулының» орындалуын бақылау облыс әкімінің» орынбасары Т.Қ.
Мұрсәлиеваға жүктелсін.

Облыс әкімі

1. Бағдарламаның»паспорты

Атауы	Атырау облысының "Мәдени мұра" 2004-2006 жылдарға арналған аймақтық Бағдарламасы.
Негізі	Қазақстан Республикасы Президентінің»"Ішкі және сыртқы саясаттың 2004 жылға арналған негізгі бағыттары" Қазақстан халқына Жолдауы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің»2003 жылғы 5-қыркүйектегі 903 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004-2006 жылдарға арналған Бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 6.5.2 тармағы.
Негізгі әзірлеуші	Атырау облыстық мәдениет басқармасы.
Мақсаты	Рухани және білім беру саласын дамыту, облыстың» мәдени мұрасының» сақталуы мен тиімді пайдалануын қамтамасыз ету.
Міндеттері	Бағдарламаның» міндеттері : облысымыздың»тарихи-мәдени және сәулет ескерткіштерін қайта жаңғырту; мәдени мұраны, соның ішінде қазіргі заманның ұлттық мәдениетті, ауыз әдебиетін, дәстүрлер мен әдет-құрыптарды зерделеуді»тұтастай жүйесін құру; көркем және ғылыми толық дестелерін шығару арқылы ұлттық әдебиет пен жазуды»сан ғасырлық тәжірибесін қорыту; Әлемдік ғылыми ой-сананың, мәдениет пен әдебиеттің»таңдаулы жетістіктерінің негізінде гуманитарлық білім беруді» мемлекеттік тілдегі толыққанды қорын құру; облыстың» қорларында, мұралары мен қоймаларында сақталған аса көрнекті ауызекі кәсіби дәстүрде орындаушы-музыканттарды»фоно-жазбаларын қалпына келтіру мен қазіргі заманның аудиотаспаларға көшіру.
Қаржыландыру көздері	Бағдарламаны қаржыландыру республикалық бюджеттің есебінен 42,4 млн. теңге жүзеге асырылатын болады. Оның ішінде: 2004 жылы 5,5 млн; 2005 жылы 26,9 млн; 2006 жылы 10,0 м л н . т еңг е . Облыстық бюджеттің есебінен қаржыландырудың»жалпы көлемі 221,8 млн. теңге; оның ішінде: 2004 жылы 64,7 млн; 2005 жылы 89,1 млн; 2006 жылы 68,0 млн. теңге, Бағдарламаның қаржыландыру көлемі облыстық бюджеттің тиісті қаржы жылының болжамды көрсеткіштерінің»аясында нақтыланатын болады.
Күтілетін нәтижелері	Облыста тарих пен мәдениеттің маңызды ескерткіштері қайта жаңғыртылатын болады. Сарайшық қаласы мен Ақтөбе жер асты қалашықтарына археологиялық қазба және№ ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілетін болады; "Хан Ордалы Сарайшық" және "Аралтөбені Алтын адамы" атты деректі фильмдер түсірілетін б о л а д ы ; ЮНЕСКО-ның бастапқы тізіміне кіргізілген "Жібек жолы" (Сарайшық) бойы шекарысының қорғау аймағы анықталатын болады;

	облыс аумағында ғылыми-зерттеу экспедициялары ұйымдастырылады және оның қорытындысы мен "Тарих тағлымы" атты кітап шығарылады; Атырау аймағында тарихи-мәдени мұралардың орналасу картасы жасақталатын болады.
Іске асыру мерзімі	2004-2006 жылдар.

2. Кіріспе

Атырау облысындағы 2004-2006 жылдарға арналған аймақтық бағдарлама (бұдан әрі - Бағдарлама) Қазақстан Республикасы Президентінің "Ішкі және сыртқы саясатты» 2004 жылға арналған негізгі бағыттары" Қазақстан халқына Жолдауына және Қазақстан Республикасы «Үкіметінің» 2004-2006 жылдарға арналған Бағдарламасын іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарының» 6.5.2 тармағына сәйкес әзірленді.

3. Мәдени мұра саласындағы проблеманы қазіргі жай-күйін талдау

Қазақстанның мәдени мұрасының қазіргі жай-күйі сан ғасырлық дәстүрлердің сақтау мен одан әрі дамыту жөніндегі шаралар кешенін қолдан келгенше қамтамасыз етілумен, тарих пен мәдениеттің жаңа ескерткіштерінің ашылуымен, кесенелерді қалпына келтіру жөніндегі жұмыстардың жандануымен сипатталады.

Атырау облысында қазіргі уақытта 444 тарих, археология, сәулет және мүсін өнерінің ескерткіштері, 146 кітапхана, 6 мұражай, 1 қорық-мұражай бар деп есептеледі.

Сонымен қатар, мәдени мұраны қорғау мен дамыту саласында қалыптасқан ахуал осы бағыттағы қызметтің одан әрі дамыту мен жандандыруда кезек күттірмейтін кешенді шараларды қолдануды талап етеді.

Осымен байланысты өскелең ұрпақты қазақстандық отансүйгіштік рухында тәрбиелеу және тарихи-мәдени мұраны жан-жақты зерделеуде ақтаңдақтарды жабу, сондай-ақ қазақ халқының сан ғасырлық рухани тәжірибесін қорыту мақсатында мемлекеттік тілде тарихи, көркем, ғылыми толық дестелерді шығарудың мәселелері ерекше өзекті болып отыр.

Осы Бағдарламаның аясында жоғары да белгіленген мәселелерді кешенді түрде шешу облыс халқының мәдени мұрасын зерделеу, сақтау және кеңінен таныстыру жүйесін одан әрі дамытуға ықпал ететін болады.

4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Бағдарламаның мақсаты өңірдің рухани және білім беру саласын дамыту, мәдени мұрасының сақталуын және тиімді пайдалануын қамтамасыз ету.

Алға қойған мақсатқа қол жеткізу мынадай міндеттерді шешу арқылы жүзеге асырылады:

облысымыздың маңызды тарихи-мәдени және сәулет ескерткіштерін қайта жаңғырту;

мәдени мұраны, соның ішінде қазіргі таңдағы ұлттық мәдениетті, ауыз әдебиетін, дәстүрлер мен әдеп-ғұрыптарды зерделеуді тұтастай жүйесін жасау;

Ұлттық әдебиет пен жазуды»сан ғасырлық тәжірибесін қорыту, көркем және №
ғылыми толық дестелерді шығару;

Әлемдік ғылыми ой-сананы, мәдениет пен әдебиетті»таңдаулы жетістіктерінің»
негізінде гуманитарлық білім берудің мемлекеттік тілдегі толыққанды қорын жасау.

5. Бағдарламаны іске асырудың»негізгі бағыттары мен тетігі

Бағдарлама 2004-2006 жылдар аралығындағы кезеңде іске асырылады және мәдени
мұраны сақтау мен өркендетудің негізгі бағыттары:
оларды зерделеудің тұтастай жүйесін қалыптастыру:

көне және ортаға сирлық қалашықтарға, қоныстарға, қорғандарға археологиялық
зерттеулер жүргізу;

Атырау облысының»қайталанбас тарихи-мәдени және сәулет ескерткіштерін
қалпына келтіру, тұмшалау мен пайдалану;

№ ғылыми білім білікті кеңінен насихаттау, тарих ғылымының теориялық
проблемаларын әзірлеу, ғылыми, көркем және энциклопедиялық әдебиетті шығару;

Атырау облысының тарихы мен мәдениеті ескерткіштерінің» томдар жинағын
баспаға дайындау жөнінде жүйелі жұмысты жүзеге асыру;

облыстық мемлекеттік инспекциялардың, қалпына келтіру ұйымдарының қызметіне
бірыңғай басшылықты қамтамасыз ету, тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғау
саласында бекітілген бағдарламалар мен жобаларды іске асыру міндетіне кіретін
тарихи-мәдени мұраны қорғау мен белсенді пайдалану жөнінде облыста ұтымды
құрылымды құру туралы мәселені шешу;

облыстың»мәдени мұрасы және ақпараттық ресурсының объектісі ретінде ұлттық
мұрағат қорын пайдаланудың тиімділігін арттыру;

мемлекеттік тілде ұлттық әдебиет пен жазудың таңдаулы үлгілерін, әлемдік ғылыми
ой-сананың жетістіктерін дайындау және басып шығаруды жүзеге асыру арқылы
көзделеді.

Осыған сәйкес Бағдарламаның іске асырудың негізгі бағыттары болып:

ұлттық тарихтың маңызды тарихи-мәдени археологиялық және сәулет
ескерткіштерін жаңғырту;

қазақ халқының»мәдени мұрасын зерттеуді»тұтастай жүйесін құру;

ұлтты» және әлем ғылыми ой-санасының, мәдениет пен әдебиетті басылымдар
дестесін шығару табылады.

5.1. Ұлттық тарихты» маңызды тарихи-мәдени, археология және сәулет ескерткіштерін қайта жаңғырту

Ұлттық тарих ескерткіштерін қайта жаңғырту ұлттық мәдениет үшін айрықша мәні
бар мынадай ескерткіштерді Жұбан, Мұрат МҚ»кеңлы кесенелерін қалпына келтіру,

сондай-ақ тарихи және этномәдени ортаны өркендету мен дамыту, Сарайшық, Ақтөбе жер асты қалашықтарына археологиялық зерттеулерді жүргізу арқылы қамтамасыз етіледі.

Атырау облысының»тарихи-мәдени ескерткіштер жинағын баспаға дайындау жөнінде жүйелі жұмыс жүзеге асырылады.

5.2. Қазақ халқының мәдени мұрасын зерделеуді тұтастай жүйесін құру

Өткеннің»көрнекті ғылым ойшылдарының»мұрасын зерделеу, сондай-ақ қазақ халқының мәдени мұрасында тарихи мәні бар сирек кездесетін басылымдардың қолжазбаларын, кітаптарды және мұра№ат құжаттарын табу мен сатып алу үшін алыс және таяу шетелдердің мұра№аттары мен кітапханаларына ғылыми зерттеу экспедициялары ұйымдастырылады.

Ежелгі қолжазбалардың, кітаптар мен басқа да дерек көздерінің»сақталуын қамтамасыз ету үшін облыстық кітапхана жанында ұлттық кітап жәдігерлерін табу мен сатып алу, сондай-ақ кітаптар мен ежелгі қолжазбаларды қалпына кетіру жөнінде орталық құру қажет.

5.3. Ұлттық және ғылыми ой-сананың, мәдениет пен әдебиет басылымдарының»дестелерін әзірлеу

"Фольклор, әдебиет және бейнелеу өнері, әдебиеттану және Өнертану" - қазақтың халық ауыз әдебиетін біріктіретін "Бабалар сөзі" кітабының»дестесінде беріледі, ол жүздеген жылдар бойына қалыптасып, қазақтардың халық ауыз әдебиетінің бай мұрасын бейнелейтін ертегілерден, аңыздардан, эпостық шығармалар мен тарихи дастандардан тұрады.

"Археология, тарих және мәдениет ескерткіштері" дестесі - тарихи-мәдени ескерткіштерінің жинағы кітабында облысымыздың археологиясы мен тарихының жылжымайтын ескерткіштерінің тарихы және көркемдік құндылығы, сондай-ақ халықты»тарихы мен қолөнері иллюстрациялармен қысқаша баяндала отырып, мол мәліметтер береді.

"Бейнелеу өнері" фото және бейнелеу альбомдарында көрініс тапқан облыстың бейнелеу өнерінің бағалы үлгілері беріледі.

"Фольклор, Әдебиет және бейнелеу өнері" атты дестеде халық суретшісі Мұхит Қалимовтың бейнелеу альбомы шығарылады.

6. Қажетті ресурстар және қаржыландыруды негізгі көздері

Бағдарламаны қаржыландыру республикалық бюджетті есебінен 42,4 млн. теңге жүзеге асырылатын болады. Оның»ішінде 2004 жылы 5,5 млн. теңге; 2005 жылы 26.9 млн. теңге; 2006 жылы 10,0 млн. теңге.

Облыстық бюджеттің есебінен қаржыландырудың жалпы көлемі - 101,05 млн. теңге ; оның ішінде 2004 жылы - 25,65 млн. теңге; 2005 жылы - 43,75 млн. теңге; 2006 жылы -

3 1 , 6 5

м л н .

т е ң г е .

Бұл қаражат облыстық бюджетті»болжамды көрсеткіштерінің» аясында нақтыланатын болады.

7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтиже

Бағдарламаны іске асыру ұлттың рухани-білім беру және зияттық-мәдени деңгейінің көтерілуіне, өскелең ұрпақты әлемге ортақ құндылықтар, қазақстандық отансүйгіштік рухында тәрбиелеуге, қоғамды одан әрі топтастыруға ықпал етеді.

Н ә т и ж е с і н д е :

облыста тарих пен мәдениеттің маңызды ескерткіштері қайта жаңғыртылатын болады ;

Сарайшық қаласы мен Ақтөбе жер асты қалашықтарына археологиялық қазба және ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілетін болады;

"Хан Ордалы Сарайшық" және "Аралтөбенің»Алтын адамы" атты деректі фильмдер түсірілетін болады ;

ЮНЕСКО-ның бастапқы тізіміне кіргізілген "Жібек жолы" (Сарайшық) бойы шекарасының қорғау аймағы анықталатын болады;

Облыс аумағында ғылыми-зерттеу экспедициялары ұйымдастырылады және оның қорытындысымен "Тарих тағлымы" атты кітап шығарылады;

Атырау аймағында тарихи-мәдени мұралардың орналасу картасы жасақталатын болады.

8. Атырау облысының»2004-2006 жылдарға арналған аймақтық Мәдени мұра бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

№ п/п	Іс-шаралар	Аяқталу нысаны	Орындалуы (іске асыру) үшін жауапты	Орындалу (іске асыру) мерзімі	Болжанып отырылған шығындар миллион теңге			Қаржыландыру көзі
1	2	3	4	5	6			7
I. Облыстағы тарихи-мәдени ескерткіштерін қалпына келтіру және орнату								
1.	Жұбан кесенесі, XIX ғасыр ескерткіші» жаңғырту.	Әкімиятқа ақпарат	Атырау облыстық мәдениет басқармасы	2004-2005 жылдар	0,5	11,9	-	Республикалық бюджет.
2.	Исатай аудандық музей алдында, Исатай Тайманұлына бюст орнату.	Әкімиятқа ақпарат	Атырау облыстық мәдениет басқармасы Исатай аудандық әкімияты	2004-2006 жылдар	3,0	-	-	

								Облыстық бюджет
3.	М ұ р а т Мөңкеұлының» кесенесін жөндеу.	Әкімиятқа ақпарат	Атырау облыстық мәдениет басқармасы.	2005 жыл	-	0,6	-	Облыстық бюджет
4.	Атырау қаласы Кіші өнер Академиясы алдына композитор Нұрғиса Тілендиевке бюст орнату.	Әкімиятқа ақпарат	Атырау облыстық мәдениет басқармасы.	2006 жыл	-	-	5,0	Облыстық бюджет
5.	ұлы Отан соғысындағы Жеңістің» 60 жылдығына орай Махамбет ауданында Кеңес Одағының» Батыры Г. Канцевке бюст орнату.	Әкімиятқа ақпарат	Атырау облыстық Махамбет аудандық әкімияты Атырау облыстық мәдениет басқармасы.	2005 жыл	-	5,0	-	Облыстық бюджет
6.	Қызылқоға ауданында Шернияз Жарылғасұлыны» 200 жылдығына орай мазар тұрғызу	Әкімиятқа ақпарат	Атырау облыстық мәдениет басқармасы Қызылқоға аудандық әкімияты	2005 жыл	-	3,0	-	Облыстық бюджет
7.	Құрманғазы ауданы орталығында Құрманғазы Сағырбайұлына бюст орнату.	Әкімиятқа ақпарат	Атырау облыстық мәдениет басқармасы, Құрманғазы аудандық әкімияты	2006 жыл	-	-	5,0	Облыстық бюджет
8	- облыс аумағындағы тарихи тұлғаларды» мазар-бейіттеріне жөндеу жұмыстарын жүргізу	Әкімиятқа ақпарат	Аудан әкімияттары	2005-2006 жылдар	-	1,2	1,2	Облыстық бюджет
	Барлығы :				3,5	21,7	11,2	
II. Қазба және жалпы ғылыми-зерттеу жұмыстары								
9	Теңдік поселкесіндегі Ақтөбе қалашығына жер асты қазба жұмыстарын жүргізу	Әкімиятқа ақпарат	Атырау облыстық мәдениет басқармасы	Жыл сайын	2,5	7,5	5,0	Республикалық бюджет.
10	Сарайшық қалашығына қазба	Әкімиятқа ақпарат	Атырау облыстық	Жыл сайын	2,5	7,5	5,0	

	жұмыстарын жүргізу және зерттеу.		мәдениет басқармасы					Республикалық бюджет.
11	Атырау аумағындағы тарихи-мәдени мұраларды» орналасу картасын жасақтау.	Әкімиятқа ақпарат	Атырау облыстық мәдениет басқармасы.	2004 жыл	0,6	-	-	Облыстық бюджет
12	Атырау облысы бойынша тарихи және мәдени ескерткіштерінің» жинағын дайындау және басып шығару.	Әкімиятқа ақпарат	Атырау облыстық мәдениет басқармасы.	2004-2005 жылдар	7,0	15,0	-	Облыстық бюджет.
13	Ескі Атырау қаласының макетін жасау	Әкімиятқа ақпарат	Атырау облыстық мәдениет басқармасы	2004 жыл	1,7	-	-	Облыстық бюджет
14	"Мәдени мұраны» ХХІ Ұғасыр өркениетіндегі ролі" атты Ғылыми-практикалық конференция өткізу.	Әкімиятқа ақпарат	Атырау облыстық мәдениет басқармасы	2005 жыл	-	1,5	-	Облыстық бюджет
15	"Мәдени мұра" атты веб-сайт ашу	Әкімиятқа ақпарат	Атырау облыстық мәдениет басқармасы	2004 жыл	0,1	-	-	Облыстық бюджет
16	Облыс аумағында "Тарих тағлымы" атты Ғылыми-зерттеу экспедициясын ұйымдастыру.	әкімиятқа ақпарат	Атырау облыстық мәдениет басқармасы	2004-2006 жылдар		1,0	1,0	Облыстық бюджет
	Барлығы :				14,4	32,5	11,0	

III. Тарихи фольклор, Әдебиет және бейнелеу өнері

17	Қазақтың көне мұрасы: күй, айтыс, терме, жыраулық, халық әуендері өнерін, ескілікті жәдігерлерін жинақтау және салт-дүстүрлерін насихаттау мақсатында "Атадан қалған аманат" атты акциялар, мәдени шаралар өткізу:	әкімиятқа ақпарат	Атырау облыстық мәдениет басқармасы	2004-2006 жылдар		3,0	3,0	Облыстық бюджет
18	Мұраты биік ел-мұрасын сақтайды	әкімиятқа ақпарат	Атырау облыстық	2005 жыл	-	1,0	-	

	"-атты аймақтық суретшілер қолөнерін өткізу		мәдениет басқармасы					Облыстық бюджет
19	Халық қолөнер шеберлерінің» байқауы мен көрмесін ұйымдастыру.	әкімиятқа ақпарат	Атырау облыстық мәдениет басқармасы	2004-2006 жылдар	0,4	0,4	0,4	Облыстық бюджет
20	Көне қолжазбаларды » көрмесін өткізу	әкімиятқа ақпарат	Атырау облыстық мәдениет басқармасы	2005 жыл	-	0,5	-	Облыстық бюджет
21	"Өлке шежіресі" атты сериалы басылымдарды шығару	әкімиятқа ақпарат	Атырау облыстық Ішкі саясат департаменті	2004-2006 жылдар	49,0	50,0	50,0	Облыстық бюджет
22	Халық суретшісі Мұхит Қалимовтың с у р е т - альбомын шығару	әкімиятқа ақпарат	Атырау облыстық мәдениет басқармасы	2005 жыл	-	1,5	-	Облыстық бюджет
	Барлығы :				49,4	56,4	53,4	
ІҮ. Тарихи-мәдени мұраларды насихаттау								
23	Қазақтың» ұлы а қ ы н ы Ж.Нәжімеденовтың 70 жылдығына орай-ақын мұраларын насихаттау мақсатында "Поэзия күнін" өткізу.	әкімиятқа ақпарат	Атырау облыстық мәдениет басқармасы	2004-2005 жылдары		2,0	-	Облыстық бюджет
24	Ж. Нажимеденовтың өлеңдерін шетел тіліне аударту.	әкімиятқа ақпарат	Атырау облыстық мәдениет басқармасы	2004 жыл	1,0	-	-	Облыстық бюджет
25	Республикалық баспасөз күні аясында журналистер арасында тарихи-мәдени мұралар жөніндегі үздік материалдарға конкурс жариялау.	әкімиятқа ақпарат	Атырау облыстық Ішкі саясат департаменті	2004-2006 жылдар	0,4	0,4	0,4	Облыстық бюджет
26	Сұлтан Бейбарыс атындағы дәстүрлі сыйлықты» иегерлерін анықтау және оны тапсыру.	әкімиятқа ақпарат	Атырау облыстық мәдениет басқармасы	2005 жыл	-	1,0	-	Облыстық бюджет

27	"Өлке тарихы" атты сериалы деректі фильмдер (3-фильм)	әкімиятқа ақпарат	Атырау облыстық Ішкі саясат департаменті	2004-2006 жылдар	1,5	2,0	2,0	Облыстық бюджет
	Барлығы :				2,9	5,4	2,4	
	Республикалық бюджет барлығы				5,5	26,9	10,0	42,4
	Облыстық бюджет барлығы				64,7	89,1	68,0	221,8
	Барлығы				70,2	116,0	78,0	264,2

22-тармаққа түсініктеме

"Өлке шежіресі" атты сериялы басылымдар бойынша 2004-2006 жылдары баспадан шығарылатын кітаптар:

2004-жылы шығарылуға тиістілер:

1. "Атырау облысы" атты энциклопедия 2004 жыл
2. "Атырау алыптары" 2004 жыл
3. "Атырау арулары" 2004 жыл
4. "Атырау ұстаздары" 2004 жыл
5. "Атырау қаламгерлерінің»туындылары" 2004 жыл
6. "Атырау ғалымдарының шығармалары" 2004 жыл
7. "Мұнайлы өлке жақұттары" 2004 жыл
8. "Астрахань жазушыларының»шығармалары" 2004 жыл
9. Ақын-жазушы Б. Аманшиннің»80 жылдығына орай шығармаларының»3 томдығы 2004 жыл
10. Жергілікті жазушы драматург Б. Қорқытовтың 1 2004 жыл
11. Жазушы драматург Рақымжан Отарбаевтың 12.2 томдығы; 2004 жыл
13. "Атырау - мұра»аттар тілінде" (1том) 2004 жыл

2005 - шығарылуға тиістілер:

1. Мұхит Қалимовтың»сурет альбомы 2005 жыл
2. Ақын Әбу Сәрсенбаевтың шығармаларының»3 томдығы 2005 жыл
3. Жазушы Қабдол Слановтың»3 томдығы 2005 жыл
4. Жазушы Ж.Нәжімеденовтің прозасы 3 том 2005 жыл

26-тармаққа түсініктеме

"Өлке тарихы" атты 2004-2006 жылдары түсірілетін сериалы, деректі фильмдер

1. Менің»Қазақстаным атты деректі фильм түсіру 2004 жыл - 1,5

т е н г е

2. "Хан Ордалы Сарайшық" атты деректі фильм түсіру 2005 жыл - 2,0 теңге
3. "Аралтөбенің алтын адамы" атты деректі фильм түсіру 2006 жыл - 2,0 теңге

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК